

**Педагогтердің бос лауазымдарына
тағайындау конкурсын өткізу
және конкурстық комиссияны
құру туралы**

«Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын (бұдан әрі-Қағидалар) бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығына ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 15 тамыздағы № 259 және ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің Премьер-Министрі Орынбасарының 2023 жылғы 16 тамыздағы № 343) бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Орыс тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі бос лауазымына тағайындау конкурсы өткізілсін.

2. Қосымшаға сәйкес конкурсты өткізу мерзімі 19 – 29 қыркүйек аралығында өткізілсін. (1 қосымша)

3. Қосымшаға сәйкес конкурс өткізу бойынша комиссия құрылсын және оның құрамы бекітілсін. (2 қосымша)

4. Конкурсты өткізу және белгіленген мерзімге құжаттарды дайындау басшының оқу жұмысы жөніндегі орынбасарының міндетін атқарушы Айгүл Нұрланқызы Молдатайға жүктелсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Басшының м.а.



Д. Т. Серимбаева

Бұйрықпен таныстым

А.Молдатай

**«Павлодар қаласының Мәшһүр Жүсіп атындағы жалпы орта білім беру мектебі» КММ
орыс тілі пәнінің мұғалімі бос лауазымына конкурс жариялайды**

1	Білім беру ұйымының атауы	Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының Мәшһүр Жүсіп атындағы жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
	орналасқан жері, пошталық мекенжайы	140000, Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Қ.Камзин көшесі, 62 /1.
	телефон нөмірлері,	8 (7182) 228823; 87779383381.
	электрондық пошта	M.zhusup.pvl@mail.ru
2	Бос немесе уақытша бос лауазымның атауы, жүктемесі	Орыс тілі пәнінің мұғалімі 16 сағат
	негізгі функционалдық міндеттері	-мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес оқытылатын пәннің ерекшелігін ескере отырып, білім алушыларды оқытуды және тәрбиелеуді жүзеге асырады; -білім алушы мен тәрбиеленуші тұлғасының жалпы мәдениетін қалыптастыруға және оны әлеуметтендіруге ықпал етеді, білім алушылардың жеке қабілеттерін анықтайды және дамытуға жәрдемдеседі; -білім алушыда педагогқа құрметпен қарауға тәрбиелейді, педагогтың аты мен әкесінің аты бойынша сыпайы қарым-қатынас немесе "учитель/мұғалім" тікелей қарым-қатынас арқылы қарым-қатынастың іскерлік стилі мен сөйлеу этикетін сақтауға үйретеді; -білім алушылардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, оқытудың жаңа тәсілдерін, тиімді нысандарын, әдістері мен құралдарын қолданады; - пәндер бойынша қысқа мерзімді және орта мерзімді (күнтізбелік-тақырыптық) жоспарлар, бөлім үшін жиынтық бағалау және тоқсан үшін жиынтық бағалау үшін тапсырмалар жасайды; -бөлім бойынша жиынтық бағалауды және тоқсан бойынша жиынтық бағалауды өткізу қорытындысы бойынша талдау жүргізеді; -журналдарды (қағаз немесе электрондық) толтырады; -оқу үрдісінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданады; -оқу процесінде қарапайым бағдарламалық қамтамасыз етуді және ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қосымшаларын пайдаланады; - білім алушылар мен тәрбиеленушілердің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген деңгейден төмен емес тұлғалық, жүйелік-қызметтік, пәндік нәтижелерге қол жеткізуін қамтамасыз етеді; - оқу бағдарламаларын, оның ішінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларға арналған бағдарламаларды әзірлеуге және орындауға қатысады, оқу жоспарына және оқу процесінің кестесіне сәйкес олардың толық көлемде іске асырылуын қамтамасыз етеді; - білім алушылардың, тәрбиеленушілердің жеке қабілеттерін, қызығушылықтарын және бейімділіктерін зерделейді; -инклюзивті білім беру үшін жағдай жасайды; -ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушының жеке қажеттіліктерін ескере отырып, оқу бағдарламаларын бейімдейді; -арнайы білім беру ұйымдарында оқытылатын пәннің ерекшелігін ескере отырып, дамудағы ауытқуларды барынша

		еңсеруге бағытталған білім алушыларды, тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу бойынша жұмысты жүзеге асырады; - интерактивті оқу материалдары мен цифрлық білім беру ресурстарын пайдалана отырып, қашықтықтан оқыту режимінде сабақтар ұйымдастырады; - әдістемелік бірлестіктердің, мұғалімдер қауымдастығының, әдістемелік, педагогикалық кеңестердің, желілік қоғамдастықтардың отырыстарына қатысады; - ата-аналарға арналған педагогикалық консилиумдарға қатысады; ата-аналарға кеңес береді; - кәсіби құзыреттілікті арттырады; - еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қорғау қағидаларын сақтайды; - білім беру процесі кезеңінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді; - ата-аналармен немесе олардың орнындағы адамдармен ынтымақтастықты жүзеге асырады; - тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен құжаттарды толтырады; - білім алушылар мен тәрбиеленушілер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, Академиялық адалдық қағидадарын бойына сіңіреді.
	еңбекке ақы төлеу мөлшері мен шарттары	- еңбек өтілі мен біліктілік санатына сәйкес төленеді; - жоғары білім (min): 172 324.53 теңге
3	Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген кандидатқа қойылатын біліктілік талаптары	- тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі педагогикалық білім немесе тиісті бейін бойынша өзге де кәсіптік білім немесе жұмыс стажына талап қоймастан, педагогикалық қайта даярлығын растайтын құжат немесе біліктіліктің орташа деңгейіне жататын XI педагогикалық сыныбы бар 1995 жылға дейін орта мектепті бітіргені туралы құжат; - және (немесе) біліктілігінің жоғары және орта деңгейі болған кезде педагогикалық жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін- кемінде 2 жыл; педагог-сарапшы үшін- кемінде 3 жыл; педагог-зерттеуші үшін- кемінде 4 жыл; және (немесе) біліктілігінің жоғары деңгейі болған жағдайда педагог-шебер үшін педагогикалық жұмыс өтілі – 5 жыл.
4	Құжаттарды қабылдау мерзімі	19.09 – 29.09.2025 ж.
5	Қажетті құжаттар тізбесі	1) осы Қағидалардың 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, Конкурсқа қатысу туралы өтініш; 2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электронды құжат (идентификация үшін); 3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса); 4) Педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері; 5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса); 6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы

		Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген). 7) психоневрологиялық ұйымнан анықтама; 8) наркологиялық ұйымнан анықтама; 9) сертификаттаудан өту нәтижелері туралы сертификат немесе қолданыстағы біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса); 10) ағылшын тілі педагогтері лауазымына орналасуға кандидаттар үшін пән бойынша сертификаттау нәтижелері туралы сертификаты немесе педагог-модератордың немесе педагог-сарапшының немесе педагог-зерттеушінің немесе педагог-шебердің біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса) немесе CELTA (Certificate in English Language Teaching to Adults. Cambridge) PASS A; DELTA (Diploma in English Language Teaching to Adults) Pass and above немесе әйелтс IELTS (IELTS) – 6,5 балл; немесе тойфл TOEFL (internet Based Test (iBT)) сертификаты - 60-65 балл; 11) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында арнайы пәндер бойынша педагогтер және өндірістік оқыту шеберлері лауазымдарына педагогикалық қызметке кіріскен, тиісті мамандық немесе бейін бойынша өндірісте кемінде 2 жыл жұмыс өтілі бар педагогтер сертификаттаудан өтуден босатылады. 12) 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парағы. 13) тәжірибесі жоқ кандидаттың бейнепрезентациясы (өзін-өзі таныстыру) ұзақтығы кемінде 10 минут, ең төменгі ажыратымдылығы – 720 x 480.
6	Уақытша бос лауазымының мерзімі	Бос орын